

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ РӨЛІ

Оспанова Ф.Ә.

F_Ospanova@mail.ru

А.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Шетел тілінің теориясы мен практикасы кафедрасының доцент м.а.

Оқу – қарым-қатынас жасаудың жазбаша түрінде көрініс табатын сөйлеу әрекетінің өзіндік түрі. Ол пайдалану, қолжетімділік және маңыздылық жағынан басты орынға ие, себебі оқу дағдыларының негізінде сөйлеу және жазу дағдыларын дамыту іске асырылады. Жазбаша дағды – күнделікті өмірімізде жиі белең алған: кітаптар, мерзімді басылымдар оқу, кинофильмдерді көру, интернетте жұмыс істеу және т. б. Ағылшын тілі сабағында оқылымның маңызы өте зор. Ол

- лексикалық сөздік қорды кеңейтеді;
- таныс емес сөздердің мағынасын түсінуге көмектеседі;
- грамматиканы бекітеді;
- сөйлеу мәдениетін жетілдіреді.

Ағылшын тіліндегі мәтінмен жұмыс жасағанда төмендегі дағдылар меңгерілуі тиіс:

- мәтінде айтылған жалпы түсінік пен негізгі фактілерді білу қабілеті;
- мәтінде қажетті ақпаратты таба білу;
- мәтінде ақпаратты толық және дәл түсіну қабілеті;
- мәтінді талдау кезінде тілдік құрылым мен функцияларды қолдана білу.

Мәтінмен жұмыс істеу барысында танымдық, коммуникативтік, жеке тұлғалық әрекеттер қалыптасады. Мәтінмен жұмыс жасау барысында 3 кезеңге назар аударуымыз керек: Мәтін алдындағы, мәтіндік және мәтіннен кейінгі.

Мәтін алдындағы кезең (Pre-reading)

Мәтін алдындағы кезеңде оқуға дайындық жүргізіледі, яғни тілдік кедергілерді шешу, мәтінде айтылған әлеуметтік-мәдени ұғымдар мен реалийлермен танысу. Мәтінмен жұмысты табысты жүргізудің маңызды шарты – аудиторияда бауырмалдық атмосфераны құру, яғни оқытушы білім алушыларды қызықтыруы, оларды жұмысқа тартуы, ынталандыра білуі. Оған мәтін алдында жаттығулар мен тілдік бірліктерді, сөйлеу үлгілерін саралауға, оларды мәтінде ішінде тануға, әртүрлі құрылымдық материалдарды (сөзжасам элементтерін, етістіктің түрлі уақыт формаларын) және болжау дағдыларын қалыптастыру үшін тілдік болжамдарды меңгеруге арналған элементтер кіреді. Осы кезеңде оқытушы «миға шабуыл», болжау, мәтін иллюстрациясы немесе тақырыбы бар ассоциациялар, мәтіндегі мәселелер бойынша білім

алушылардың білімін анықтау, сұрақтарға жауап және т.б. жұмыс тәсілдерін қолдана алады. Төмендегідей жаттығу түрлерін қолдануға болады:

1. Тақырып бойынша білім алушыларды анықтауға болады:

- мәтін тақырыбы;
- онда көтерілген мәселелер;
- негізгі сөздер мен ассоциациялар;

2. Иллюстрациялар, бейне фрагменттері немесе музыкалық үзінділер негізінде мәтін тақырыбы туралы болжамдарды тұжырымдау;

3. Мәтіннің негізгі идеясын анықтау;

4. Мәтінді/ алғашқы абзацтан түсініп, мәтіннің не жайында екенін анықтау;

5. Мәтін бойынша сұрақтарды оқу және оның тақырыбы мен проблематикасын анықтау;

6. Мәтінді оқығанға дейін ұсынылған сұрақтарға жауап беру.

Автор есімімен байланысты ассоциацияларды пайдалану, яғни мәтінді қандай жанрға жатқызуға болады, басты кейіпкер (оның кәсібі, ұлты және т. б.), іс-әрекет қайда және қандай уақытта болуы мүмкін т.б.

8. Мәтін тақырыбы бойынша сұрақтар жазу.

Мәтін кезеңі (While-reading)

Мәтіндік тапсырмаларда білім алушыларға оқу түріне (оқып-үйрену, таныстыру, қарау, іздеу), оқу процесінде белгілі бір танымдық-коммуникативтік міндеттерді шешу жылдамдығы мен қажеттілігі көрсетілген коммуникативтік дағдылар ұсынылады. Қолданылатын жаттығулар:

1. Ұсынылған сұрақтарға жауап табу.

2. Тұжырымдардың дұрыстығын немесе жалған екенін растау немесе мәтінде айтылмайтынын анықтау

3. Реттілік бойынша сөйлемдер жазу

4. Сәйкестіктерді табу

5. Бірнеше варианттылықты таңдау

6. Әрбір абзацқа сәйкес тақырып таңдау

7. Сөздермен/ грамматикалық құбылыстармен/ сөз тіркестерімен және т. б. сөйлемдерді таңдау

8. Сыртқы келбет, оқиға орны, иллюстрация, біреуге оқиғаның қатыстылығын анықтау

9. Мәтіннің екінші тарауында/ келесі бөлігінде оқиғалар қалай өрбитінін түсіну

9. Үзіндіні оқып оны жеткізе алу

10. Жеткіліксіз ақпарат болса, толықтыру.

Мәтіннен кейінгі кезең (Post-reading)

Мәтіннен кейінгі тапсырмалар оқылған ақпаратты түсінуді тексеруге, оқу іскерлігінің қалыптасу деңгейін және алынған ақпаратты пайдалану мүмкіндігін бақылауға арналған. Қолдануға ұсынылатын жаттығулар:

1. Оқылған мәтіннен жаңа идеяны анықтау, мәтін жайында өз пікірін айту.

2. Бекітуді теріске шығару немесе олармен келісу.

3. Мәтін жайында дәлелдеу немесе сипаттау

4. Бірнеше сөздердің қайсысы мәтіннің дәл негізгі ойын білдіретіндігін

5. Мәтіннің негізгі ойларын анықтай отырып, жоспар құру

6. Мәтін мазмұнын қысқаша айту немесе жазу

7.Бас кейіпкер атынан түсінік айту немесе жазбаша жазу

8. Мәтіннің соңы немен аяқталатынын табу,

9.Мәтінге жаңа тақырып ойлап табу.

Әрине, әр кезеңдегі тапсырмалар оқу түрлеріне (таныстыру, зерттеу, іздеу және қарау) байланысты өзгеріп отырады.

Мәтірмен танысу оқылатын материал туралы жалпы түсінік алуды көздейді. Оның мақсаты мәтінде қаралатын мәселелердің тақырыбы мен ауқымы туралы жалпы түсінік қалыптастыру болып табылады [1,94]. Мәтінге тез көз жүгіртіп жылдам, ішінара оқып, оқырманды қызықтыратын ақпараттың бар-жоғын анықтай отырып, әрі қарай оқуға болатындығын не болмайтындығы жайында шешім қабылдайды. Мәтінді оқу кезінде кейде бірінші абзац пен негізгі кілт сөзбен-ақ танысу жеткілікті.

Танысып оқу – оқырманның назарын аударатын (мысалы, кітап, мақала, әңгіме) саналы оқу. Бұл алынған ақпаратты "өзіңіз үшін" оқу, танып білу.

Түсініп оқу – оқу мәтініндегі барлық ақпараттың толық және нақты түсінігін және оны сыни тұрғыдан түсінуін қарастырады. Бұл мәтіннің тілдік және логикалық байланыстарына сүйеніп оқылатын мазмұнның мақсатты талдауын болжайтын ойлы оқу.

Ізденіп оқу – мамандық бойынша газеттер мен әдебиеттерді оқуға бағытталған. Оның мақсаты-мәтін массивінде белгілі бір деректерді (фактілерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, нұсқауларды) тез табу. Ол мәтінде нақты ақпаратты табуға бағытталған.

Осылайша, әрбір оқу түрінің мақсатына сүйене отырып және мәтінмен жұмыс істеу кезеңдеріне сүйене отырып, оқу түріне байланысты осылайша тапсырмаларды ұсынуға болады:

Ақпараттық технологияның оқудың қай сатысында болсын орны ерекше, өйткені оқытудың компьютерлік түріне тән бірқатар сипаттамалар бар:

- 1) интерактивтілік;
- 2) мультимедиа;
- 3) модельдеу;
- 4) коммуникативті;
- 5) орындау [2,176].

Сонымен қатар, оқу барысында компьютерді қолдану психологиялық дамудың әртүрлі аспектілеріне айтарлықтай әсер етеді, компьютерлік дизайн, шығармашылық эксперимент, қиял ойындары және т.б. мүмкіндіктерге ие болады. Ал компьютерді пайдалану оқытушы жұмысының бір бөлігін компьютерге өткізуге мүмкіндік береді, бұл оқу процесін қызықты, жан-жақты және қарқынды етеді. Компьютерлік материалдарды таңдау және олардан сабақ құрастыру, ең алдымен, қазіргі оқу материалы мен білім алушыдардың дайындық деңгейіне байланысты. Компьютер білім деңгейін арттыруға қабілетті. Мультимедиялық оқыту бағдарламалары оқытушының қатысуынсыз тікелей оқу, сөйлеу, тыңдау, жазу дағдыларын жеңіл игеруге мүмкіндік береді. Компьютерді игерген оқытушы интернет арқылы көптеген мәтіндер материалдарын алуға болады.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда мобильді құрылғыларда экран және виртуалды пернетақта бар, олар компьютер, факс, телефон, ноутбук функцияларын орындайтын көп мақсатты абоненттік жүйеге айналуға, олардың мүмкіндіктері күннен-күнге кеңейіп келеді, ұялы байланыс қызметі қарқынды дамуда, өсіп келеді. Оған жүктелген түрлі қосымшалар арқылы мәтін мазмұнын суреттер түрінде білдіруден басқа, мәтінде көрінетін шындық, оған қатысқан кейіпкерлердің пікірлері, студенттер әңгіме тақырыбына қосымша өз пікірлерін де айта алады. Ағылшын тілін жетік меңгеру,

оқу кезеңінде де жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Мәтінге бағытталған қосымша оқу бағдарламаларын қолдану - бұл ағылшын тілін оқыту мәселесін дұрыс шешуге мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдердің бірі [3,24]. Қосымша мәтіннің сипатына қарай, компьютерлік білім беру ойын бағдарламалары арқылы жасалған немесе алдын-ала таңдалған суреттерді пайдаланып шығарма жазу немесе әңгімелеу ұсынылуы мүмкін. Мәтіннің бөліктері немесе мәтін мазмұны туралы әңгімелер сөйлеуді дамытуға да пайдалы. Бұл студенттерге өз білімдерін іс жүзінде қолдана алу үшін сөздік қорларын кеңейтуге және зерттеу жұмыстарына қатысуға мүмкіндік береді. Қосымша мәтін тақырыптарын баспасөз, мерзімді басылымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен дайындауға болады. Студенттер қызықты зерттеулер мен ғылыми жаңалықтарды білуге қызығушылық танытады. Егер мәтінде түсінуге қиын сөздер немесе тіркестер болса, студенттерге оларды түсінуге көмектесетін кейбір жеңілдетілген сөз тіркестерін қарастырған жөн. Нәтижесінде студенттер алған білімдерін қолдана білуге, зерттеу жұмыстарына қатысуға мүмкіндік алады. Оқыған мәтіннің түсінуін тексеруге сұрақ-жауап жаттығуларымен жүргізуге болады.

Әдіскер О.Я. Воробьёва оқу барысында ақпараттық технологияны қолданудың төмендегідей артықшылықтарын көрсетеді:

- 1) студенттердің танымдық белсенділігін арттыру;
- 2) студенттерге жеке көзқарасты ұйымдастыру;
- 3) тұлға ретінде дамуына ықпал ететін білім сапасын арттыру;
- 4) ақпаратпен жұмыс жасаудың практикалық әдістерін меңгеру;
- 5) түсіндірмелі-иллюстрациялық оқыту әдісінен іс-әрекетке көшуді жүзеге асыру [4,82].

Мәтінді оқу, өткен материалды қайталау және тексеру кезінде суреттер, бейнефрагменттер, дыбыстық сүйемелдеуде сандық ресурстар мен презентацияларды пайдалану орынды. Интерактивті тақтаның сабақта қолданылуы да сабақ сапасының өзгеруіне ықпал етеді. Олар студенттер сабақта белсенді жұмыс істеп, күрделі фонетикалық және мәтіндік материалды жақсы түсінуіне септігін тигізеді. Ондағы барлық жазбаларды компьютерде сақтауға және өткен материалды кез келген уақытта қарауға болады.

Ақпараттық технологияларды қолдана отырып, мәтінмен жұмыс жасауда топты жаңалықтар агенттігіне, ал білім алушыларды бірінші деңгейдегі репортерларға айналдыруға болады. Бұл оқытудың жоғары деңгейінде тиімді, өйткені оған көлемді оқу және түсіндіру, өз ойын жеткізе білу, еркін сөйлеу кіреді. Әлемдегі барлық ірі ақпарат құралдарының жеке веб-парақтары бар

Ақпараттық технология құралдарының арқасында білім алушылардың оқуға деген ынталары артып, шығармашылық, ізденіс және зерттеу жұмыстарына тарту мүмкіндігі болады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- 1.Бондаренко, Е.А. Технические средства обучения в современной школе / Е.А. Бондаренко, А.А. Журин, И.А. Милютина / под ред. А.А. Журина. М.: Ювенс, 2014. 416 с.
- 2.Современная учебная книга: подготовка и издание / под ред. А.А. Вахрушевой, С.Г. Антоновой, А.В. Осина. М.: МГУП, 2008. 224 с.
- 3.Воробьёва, О.Я. Коммуникативные технологии обучения / О.Я. Воробьёва. Волгоград: Учитель, 2008. 141 с.
- 4.Воробьёва, О.Я. Коммуникативные технологии обучения / О.Я. Воробьёва. Волгоград: Учитель, 2008. 141 с.